

3 CRIMINAL LAW, CRIMINAL PROCESS ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ УГОЛОВНОЕ ПРАВО, УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС

FTAXP 10.77.35
ӘОЖ 343.241
JEL K14

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2026-1-2-180-191>

МОЛДАБЕКОВА З.С.,^{*1}

докторант.

*e-mail: moldabekova_80@mail.ru

ORCID ID: 0009-0004-5138-8145

СЕЛИВЕРСТОВ В.И.,²

з.ғ.д., профессор.

e-mail: is_home@list.ru

ORCID ID: 0000-0002-9554-5438

ИМАНҒАЛИЕВ С.С.,¹

з.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

e-mail: s.imangaliev@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0004-2405-000X

АХМЕТОВА Д.А.,³

з.ғ.м., сениор-лектор.

e-mail: dina.akhmetova.63@mail.ru

ORCID ID: 0009-0005-6002-4754

¹«Тұран» университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу

мемлекеттік университеті,

Мәскеу қ., Ресей

³Алматы гуманитарлы-экономикалық

университеті,

Алматы қ., Қазақстан

БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУҒА СОТТАЛҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Андатпа

Мақалада бас бостандығынан айыруға сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету сияқты құқық қолдану қызметінің маңызды мәселесі қарастырылады. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтамау немесе толық сақтамау нәтижесінде жазаларды орындау сияқты маңызды мемлекеттік функцияны орындауды қамтамасыз ететін уәкілетті органдар сотталғандардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін бұзып қана қоймай, Қазақстан Республикасының Конституциясының талабы да қамтамасыз етілмейді. Жазаны орындау сияқты маңызды мемлекеттік қызметтің орындалуын қамтамасыз ететін уәкілетті органдар бас бостандығынан айыруға сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтамағаны немесе толық сақтамағаны нәтижесінде сотталғандардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделері бұзылып қана қоймайды, сонымен қатар

Қазақстан Республикасының Конституциясының талаптары да бұзылады. Мақала авторлары Қазақстан Республикасындағы сотталғандардың жазасын орындау барысындағы құқықтары мен заңды мүдделерін жақсарту жөніндегі негізгі бағыттарды атап көрсеткен. Авторлар бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар азаматтық қоғамның ажырамас бөлігі болып саналғандықтан, мемлекет олардың құқықтары мен бостандықтарын тіпті окшауланған кезде де, қорғауға тиіс деген дәйек келтірген. Бұл функцияны орындамау немесе толық орындамау жазаны орындау жүйесін ғана емес, сонымен қатар мемлекеттегі бүкіл құқық қорғау жүйесінің беделін төмендетуге апарып соғады.

Тірек сөздер: сотталған, бас бостандығынан айыру, жазаны орындау, қылмыстық заң, құқықтар мен міндеттер, адам құқықтары, заңдылық.

Кіріспе

Құқықтық мемлекет бірінші кезекте өз азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін құқықтық өрісті құруды көздейді.

Жазаны орындау барысында азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді іске асыру Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелерінен туындайтын мемлекеттік міндет болып табылады, онда Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде бекітетіні туралы ережеге сәйкес, оның ең жоғары құндылықтары адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады [1, 4 б.].

Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасы осы қағидаға негізделген.

Қылмыстық жазаны орындау маңызды мемлекеттік функция, себебі қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі болып танылған адамға қатысты үкім мемлекет атынан шығарылады, сондай-ақ оны орындау мемлекеттің есебінен жүргізіледі және уәкілетті мемлекеттік органға жүктелген.

Өкінішке қарай, жазаны орындау тәжірибесі көрсетіп отырғандай, жазаны орындау, осы саладағы әсіресе бұқаралық ақпарат құралдарының арқасында бүкіл азаматтық қоғамға мәлім болған шулы, «жағымсыз» оқиғаларды ескерсек, жазаны орындау жүйесін қайта пайымдауды және әрі қарай жетілдіруді талап етіп отыр.

Бұл кездейсоқ емес, өйткені азаматтық қоғам елдің егеменді дамуының отыз жылында өзгерді және жазалау жүйесі мен олардың орындалуы, жұмыс формалары мен әдістері, соның ішінде сотталғандардың еңбегі мен оқуы өзгеріссіз қалды, сондықтан олар үнемі азаматтық қоғамға қайшы келеді.

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындау мен жазаның осы түріне сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру керек екені жайында Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында» айтарлықтай жақсы айтылып, 4.12 тармағында жазаларды орындау мен өтеудің тәртібі мен шарттарын реттеуді және қылмыстық-құқықтық реттеудің өзге де шараларын жақсарту, сондай-ақ сотталғандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейту мақсатында қылмыстық-атқару заңнамасын, оның ішінде жалпыға бірдей танылған халықаралық стандарттарға жақындату жолымен одан әрі жетілдіру талап етіледі [2].

Сотталғандардың мінез-құлқын тиімді бақылауды қамтамасыз ететін қазіргі заманғы технологиялар мен бейне тіркеу құралдарын бір мезгілде енгізе отырып, сотталғандарды ұстаудың камералық түріне одан әрі көшу жөніндегі жұмысты жалғастыру маңызды.

Әртүрлі өлшем шарттар бойынша талдау жасау мүмкіндігімен ҚАЖ мекемелері мен проба қызметтерінде жазаларды орындау және сотталғандар санын автоматтандырылған есепке алу процестерін цифрландыруды жалғастыру қажет.

ҚАЖ мекемелерінің түрлерін кезең-кезеңімен оңтайландыру мүмкіндігін қарастыру маңызды, өйткені ізгілендіру жағдайында қамаудағылардың құрылымы айтарлықтай өзгерді (бас бостандығынан айыруға сотталғандардың 90%-дан астамы ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін жазасын өтеп жатыр). Түрлерді оңтайландыру сотталғандарды этаппен алып жүру үшін бюджеттен бөлінетін едәуір қаржы қаражатын үнемдеуге, сондай-ақ туыстарының жазасын өтеу орындарына қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы сотталғандардың әлеуметтік пайдалы байланыстарын сақтауға мүмкіндік береді.

Азаматтық қоғам өкілдерін тарта отырып, жеке және икемді дағдыларды дамытуға бағытталған халықаралық озық тәжірибені ескере отырып, пенитенциарлық пробацияны іске асыру, яғни ҚАЖ (пенитенциарлық) мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан адамдарды қайта әлеуметтендіру тәсілдерін қайта қарау талап етіледі, өйткені қазіргі нысандағы пробацияның осы түрі өзінің тиімсіздігін көрсетті [2].

Президент Қ-Ж.К. Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауында қылмыстық және қылмыстық-процестік кодекстерді мұқият саралап, ондағы қолданылмайтын немесе сот төрелігіне кедергі келтіретін артық-ауыс нәрсенің бәрінен арылу қажет екенін атап айтып, Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасы мен жаза институтына баса мән берген [3].

Сотталғандар – азаматтық қоғамның Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің ерекше бөлігінде көрсетілген қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған және қылмыс жасағаны үшін кінәлі болып танылған айрықша санаттағы өкілдер болып табылады.

Зерттеулер көрсеткендей, жасалған қылмыстар үшін заңға бағынатын және сотталғандар арасындағы шекара шартты болып табылады, өйткені кез келген заңға бағынатын азамат сотталушы орындықта болуы мүмкін, сондай-ақ өз құқықтарымен уақытша шектелген кез келген сотталған адам қалыпты жағдайға сәтті оралуы мүмкін.

Мысалы, ҚР ҚК 39-бабының 2-бөлігінде «Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді» десе [4], ал ҚР ҚАК 4-бабының 3-бөлігінде «Жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау тән зардабын шектіруді немесе адами қадір-қасиетті қорлауды мақсат етпейді» деп жазылған, ал бұлар жазаны орындау барысында сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін сөзсіз сақтауға міндеттеп тұр [5].

Сондай-ақ, сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету талабы ҚР ҚАК 5-бабының (Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасының қағидаттары) 1-тармағында аталған «адам және азамат құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін сақтау», 9-бабының 1-бөлігінде «Қазақстан Республикасы сотталғандардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін құрметтейді және қорғайды, оларды түзеу құралдарын қолданудың заңдылығын, сондай-ақ құқықтық қорғауды және жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді» деген және 2-бөлігінде «Сотталғандар Қазақстан Республикасының Конституциясында, қылмыстық кодексінде және өзге де заңдарында белгіленетін шектеулермен, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарына, бостандықтарына ие болады және міндеттерін атқарады» деген [5].

Ал сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін сотталғандардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек [5].

Сондықтан сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін, олардың жеке басын, өмірі мен денсаулығын қорғау – мемлекеттің заңға бағынатын азаматтарын қорғау міндетті.

Оның үстіне, бұл жерде әңгіме адамдардың елеулі тобы жайлы болып отыр. Қазіргі кезде Қазақстанда 64 түзету мекемесінде 30827 сотталған жазасын өтеп жатыр, 16 тергеу изоляторында 5 805 адам қамақта отыр. Қазақстан «түрмедегі халқының» осынша санымен әлемдік рейтингте 100-ші орында тұр [5].

Қазақстан Республикасы ПМ ҚАЖ комитетінің дерегі бойынша Қазақстанның егемен дамуы кезеңінде түзету мекемелерінде бір миллион жеті жүз мыңнан аса адам отырып шыққан.

Жазаны орындау барысында азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету міндетін жүзеге асыру мемлекеттің маңызды міндеті.

Сондықтан азаматтық қоғаммен қатар, Қазақстан Республикасы ПМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті мен оның жергілікті құрылымдық бөлімшелері де сотталғандардың бәрін қалыпты өмірге және заңға мойынсұнатын мінез-құлық үлгісіне қайтаруға тырысады.

Дегенмен, объективті және субъективті сипаттағы бірқатар себептерге байланысты бұл міндет әрдайым сәтті жүзеге аса бермейді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің теориялық негізі қазақстандық және шетелдік ғалымдардың жалпы жазаларды орындау және айыру түріндегі жазаларды орындау мәселелеріне, сондай-ақ бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделеріне арналған жұмыстары болды.

Жүйелі талдау әдісі жазаның осы түрінің орнын түсіну үшін қолданылады, мысалы, жазаның мақсаттары мен қылмыстық-атқару заңнамасын жүзеге асыруда бас бостандығынан айыру, сотталғандарды түзету және соңғыларын қоғамға қайта бейімдеу.

Зерттеудің әртүрлі қосымша әдістеріне сүйену алынған нәтижелердің объективтілігі мен жан-жақтылығын қамтамасыз етті.

Нәтижелер

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларды орындау саласындағы құқық қолдану тәжірибесін зерделеу мақала авторларына Қазақстан Республикасында қайта қарауды және одан әрі жетілдіруді қажет ететін қаралып отырған мәселенің жекелеген ережелерін тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Жазаны орындаудың негізгі аспектілерін белгілейміз, олардың шешімі, біздің ойымызша, жазаны орындау жүйесін өзгертуге және сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын жақсартуға және нығайтуға мүмкіндік береді.

Бәріміз білегіндей, жазаны орындау жазаның қылмыстық кодексте бекітілген мақсаттары мен қылмыстық-атқару кодексінде бекітілген қылмыстық-атқару заңнамасының мақсаттарын ғана емес, сонымен қатар сотталған адамның қоғамға қайта оралуына қатысты шаралар кешенін де қамтиды.

Сондықтан жазаны орындау мәселесі қайта пайымдау мен әрі қарай жетілдіруді қажет етіп отыр. Әсіресе ұстау режимі сияқты аспектілері сотталғандардың жекелеген санаттарын түзету мекемелерінен тыс жерде еңбекке пайдалану, туыстарымен, жақындарымен әлдеқайда тығызырақ байланысы, т.б.

Азаматтық қоғам мен мемлекеттің өзі отыз жылдан аса егемен дамуы барысында айтырлықтай жақсарып өзгерген, ал жазаны орындау жүйесі сол бұрынғы қалпында дерлік қалып қойған.

Сондықтан, сотталған адам жазаны орындау жүйесі жабық болғандықтан, ол жайлы ештеңе білмегендіктен түзету мекемесіне келген кезде жайсыздық пен белгілі бір күйзеліске түседі. Ал оның бұл жай-күйі туыстары мен айналасындағы жақындары арқылы бүкіл азаматтық қоғамға тарап, азаматтар арасында теріс пікір қалыптастыруы мүмкін.

Сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына жазаны орындау жүйесіндегі дағдарыс (әлсіз материалдық база, төмен жалақы, кәсіптің беделсіздігі, ауыр және зиянды жұмыс жағдайлары және т. б.) кедергі келтіретінін атап өткен жөн. Сотталғандар ескі өмір сүргісі келмейді (азаптау, ұстау режимі мен шарттары, қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасындағы шығындар, жоғары ақы төленетін жұмыстың болмауы, кәсіптік оқытудың әлсіз жүйесі, медициналық көмектің жеткіліксіздігі және тағы басқалар).

Бұл мәселенің шешімі пенитенциарлық пробацияны әрі қарай дамытудан, яғни сотталғандарға бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу кезеңінде жәрдем беруде деп ойлаймыз.

Қазақстан Республикасы «Пробация туралы» 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 38-VI заңының 12-бабына сәйкес пробацияның түрлеріне мыналар жатады:

1) сотқа дейінгі пробация – сотқа дейінгі баяндаманы дайындау жөніндегі қызмет пен шаралар жиынтығы;

2) үкімдік пробация – бас бостандығын шектеуге сотталған, сондай-ақ шартты түрде сотталған адамдарға қатысты пробациялық бақылау белгілеу мен оны жүзеге асыру және оларға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету жөніндегі қызмет пен шаралар жиынтығы;

3) пенитенциарлық пробация – қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жүрген адамдарды әлеуметке қосу жөніндегі қызмет пен шаралар жиынтығы;

4) пенитенциарлықтан кейінгі пробация – қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінен босатылған адамдарға қатысты пробациялық бақылау белгілеу мен оны жүзеге асыру және оларға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету жөніндегі қызмет пен шаралар жиынтығы [6].

Мәселен, Ресейдің жетекші пенитенциарист ғалымы А.П. Скибаның бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан сотталғандарға терісінің астына микрочип орнату арқылы

чип салса ол адамның сотталғаны, сот үкімі, сотталғанның денсаулығы, жүктелген міндеттер (құқықтық шектеулер), тұрғылықты мекенжайы (жұмыс орны) және басқа да жеке басының мінездемелері туралы ақпаратты сол чипке жүктесе, оны ішкі істер органдары мен басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлері осындай ақпарат алуға тиісті техникалық құралдары болса кез келген уақытта тексере алса жақсы болар еді деген ұсынысы қолдауға тұрарлық. Бұл нәрсе жазаны орындау барысында ғана емес, сонымен қатар, мысалы сол адам шартты түрде мерзімінен мерзімінен бұрын босатылғаннан кейін де оған қатысты постпенитенциарлық бақылау жүргізу үшін және оның құқық бұзушылық жасағанын анықтау үшін өзекті болар еді [7, 203 б.].

Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесінің күрделі материалдық-техникалық жай-күйі туралы егемен Қазақстанның тарихында қоғамға алғаш рет ҚР ПМ ҚАЖК экстернағасы, әділет генерал-майоры Ж.Б. Ешмағамбетов 2021 жылғы 17 ақпанда ҚР Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің отырысында айтып, пенитенциарлық инфрақұрылымды модернизациялау мен жаңа түрмелер салу жөнінде шаралар қабылданып жатқанына қарамастан, түзету мекемелерінің көпшілігінің ғимараттары мен құрылыстары ескі екені, ал ол мәселені шешу үшін бюджеттен қаржы бөлінуі керек екенін айтқан.

Қазірі кезде камерада ұстайтын 9 мекеме бар, оларда 4 мыңға жуық сотталған адам отыр. ҚАЖ-нің бұл мекемелерінің негізгі қоры өткен ғасырдың 30–70 жж. салынған ғимараттар мен құрылыстар. 41 түзету мекемесіне реконструкция жүргізу керек [8].

Сондықтан жазаны орындау жүйесінің материалдық базасын жақсарту жөніндегі кешенді міндетті шешу үшін ҚР ҚАК-нің 89-бабында айқындалған қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің (кәмелетке толмағандар үшін ең төменгі, орташа қауіпсіздік, орташа қауіпсіздік, ең жоғары, төтенше, толық, аралас қауіпсіздік мекемелері) әрбір түрі үшін үлгілік ережені пысықтап, үкіметтік деңгейде бекіту керек еді, сотталғандарды ұстаудың белгіленген режимін ескере отырып және оны қатаң ұстану [5].

Нарықтық қатынастар, әлемдік дағдарыстың әсерінен мемлекеттік бюджетте жаппай дефицит, сыбайлас жемқорлық жағдайында және мемлекет сыбайлас жемқорларды тиісті түрде жазалай алмай отырған жағдайында мемлекет бас бостандығынан айыруға сотталғандардың жазаны орындау кезінде еңбек етуіне және тиісті еңбекақы алуына, өзін-өзі қамтамасыз етуіне және мемлекетке пайда әкелуіне мүмкіндік беретін жағдай жасауға тиіс.

Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде болып жатқан, бұқаралық-ақпарат құралдарына жарияланып жатқан оқиғалардың көпшілігінің негізгі себебі сотталғандардың қолы бос екенінде, ақы төленетін еңбек пен оқу мен тек аз-маз пайызы ғана айналысып жатқанында.

Өндірістік қатынастардың қалыптасқан жүйесін түбегейлі өзгерту керек, яғни өндірістік қатынастың тараптарының бәріне, яғни сотталғандарға да, мемлекетке де икемді, табысты және пайда әкелетіндей ету керек.

Бұрынғы КСРО тәжірибесіне сүйене отырып қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде қуатты да, тиімді өндірістер (кірпіш зауыттарын, құрылыс материалдарын дайындайтын зауыттар, цемент зауыттарын т.б.) ашып, сотталғандарға жұмыс істеуге және ақша табуға мүмкіндік беру керек, сонда олар тек жақсы ақша тауып, келтірген зиянды өтеп қана қоймай, сонымен қатар мемлекет бюджетіне де үлкен табыс әкелер еді.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде құрылған кәсіпорындарға (заводтарға, фабрикаларға т.б.) республика көлемінде мемлекеттік тапсырыстар беріліп, олар шығарған өнімге салық жеңілдігі қарастырылса, ол өндіріске жеңілдетілген несие берілсе, өндіріске жеке капиталды белсенді тартуға және сотталғандардың жеке еңбек қызметін тартуға қажет алғышарттар жасалса, еңбек қызметінің жағдайын жасаса, соның ішінде сотталғандардың еңбекақысын еңбек заңнамасына сай төлесе, оларды ұстауға кететін қаржыны өтеуден босатса, сондай-ақ жеке шоттарына аударылатын кепіл берілген төлемдерді ұлғайтса т.б.

Бұл ұсыныстарды жүзеге асыру жазаны орындау жүйесін дотациялық мекемеден сотталған адамның өзіне де, тұтастай мемлекетке де пайда әкелетін табыс табатын кәсіпорынға айналдыруға мүмкіндік берер еді.

Сотталған адамның босатылып шыққаннан кейін мемлекетке масыл болмай, жазасын өтеген кезде жинаған өз жинағы болып, жаңа толыққанды өмірге оңай араласып кетуін қамтамасыз етер еді, яғни ақша таппай баяғыдай қылмысқа қайта оралмауына себеп болар еді.

Оның үстіне, өндірісті қатынастарды жазаны орындаудың прогресивті жүйесімен, сондай-ақ шартты түрде мерзімінен босату шарттарымен байланыстырған жөн, сонда қылмыстық жазаның мақсатын жүзеге асырудың тиімділігі арта түседі.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды оқыту жүйесін қайта пайымдау керек, сонда сотталғандарды түзету жүйесін жақсартуға мүмкіндік береді.

Сотталғандарды оқытудың орта білімнен және тіпті жоғарғы білімнен кейінгі бағдарлама бойынша даярлауды, сондай-ақ қажет мамандықтар бойынша қайта даярлауды көздейтін жаңа формаларын енгізу ұсынылып отыр.

Сотталғандарды оқытуды сотталғандар оқшау жағдайда қашықтық технология арқылы жоғарғы оқу орны мен колледжде мемлекет есебінен, білім беру грантын беріп, стипендия төлеп, оқитындай етіп ұйымдастыруға болады, ал сотталған адамның оқығанын еңбек еткенімен теңестіруге болады.

Мемлекеттің экономикалық дамуының қазіргі деңгейімен және Қазақстан Республикасы халқының салыстырмалы түрде аз санымен бұл кері кету емес, оның пайдасы тек экономикалық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік маңызы бар әбден шешілетін міндет.

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларды орындау процесінде бас бостандығынан айыруға сотталғандарды әлеуметтік оңалту мәселелеріне ерекше назар аудару қажет.

Жазаны орындаудың нәтижесі оң болуы үшін жазаны өтеу кезеңінде (пенитенциарлық қылмыс), жазаны өтеп болғасын (қылмыстың қайталануы) да, қылмыстық құқық бұзушылық жасауды барынша азайту.

Қазақстанның аумағы үлкен, ал халқы аз болғандықтан мемлекет қылмыстық жолға түскен және бас бостандығынан айыру сияқты жаза түріне сотталған әр азаматы үшін, олардың оқшауланған жағдайындағы құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жолымен күресуі керек, сондай-ақ түзету мекемесінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан әрбір сотталғанды қоғам мен мемлекетке қызмет етуге барынша аз шығын шығара отырып қайтаруға ұмтылуы тиіс.

Талқылау

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындаудағы құқық қолдану тәжірибесіне талдау нәтижесі бұл салада шешілмеген мәселелер көп екенін көрсетіп отыр.

Зерттеу бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындау мәселелерін заңмен реттеу қажет, түзету мекемелерінде ұстау режимі мен бас бостандығынан айыруға сотталған адамның құқығын қорғау арасындағы тепе-теңдікке жетудің оңтайлы жолы екенін растап отыр.

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындаудың шетелдік тәжірибесі мүқият ойластырылған құқықтық база болған кезде, жазаны орындау жөніндегі уәкілетті органдар мемлекет жүктеген функцияны адал орындайтынын, бас бостандығынан айыруға сотталған адамдардың, яғни қылмыстық құқықбұзушылық жасағаны үшін сотталған және қоғамнан уақытша оқшауланған адамдардың құқықтарын бұзбайтынын көрсетіп отыр.

Құқықты гуманизациялауға және заң үстемдігін қамтамасыз етуге бет алған Қазақстан үшін, бас бостандығынан айыруға сотталған адамдардың, яғни мемлекет түзетуге жіберген азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету қисынды қадам.

Бұндай реформаның бағытын талқылаған кезде халықаралық стандарттарды да, ұлттық ерекшелікті де, ескеру керек.

Б.К. Шнарбаев пікірінше, сотталғандардың негізгі құқықтары жалпы азаматтық құқықтарды конституциялық құқықтарды көрсететінін, жаза түріне немесе жеке факторларға қарамастан, мызғымас және әрбір сотталушыға тиесілі екенін атап өтті. Сотталғандардың негізгі құқықтарын төмендету қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарының әкімшілігі тарапынан озбырлыққа әкелуі мүмкін [9, 44 б.].

С.М. Зубарев: «Сотталғанның құқықтық мәртебесі – сотталғанның қоғамдағы заңмен бекітілген орны», – деп, сотталғандардың құқықтық мәртебесіне жақсы анықтама берген. Құқықтық мәртебенің негізінде әлеуметтік мәртебе жатыр, яғни сотталғанның қазіргі қоғамдық қатынастар жүйесіндегі шынайы орнын айқындайды. Ал, құқық-әлеуметтік реттеуші ретінде сол орнын тек заң шеңберіне енгізіп, бекітеді [10, 89 б.].

Сотталғандар мен түзету мекемелері қызметкерлері арасындағы жылдар бойы қалыптасқан ескі қатынасты айтарлықтай түзету керек және жаңа қатынастар қалыптастыру керек.

Жазаны орындау тәжірибесі, әсіресе сотталып шыққандар арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі көрсетіп отырғандай, бұл салада шешілмеген мәселе көп. Ол мәселелер – сотталғандардың ұстау режимін сақтамауы, түзету мекемелері қызметкерлерінің құқық бұзуы (сыбайлас жемқорлық әрекеттері, азаптау, құқықтарын әртүрлі асыра пайдалану т.б.) соңғы уақытта бұқаралық ақпарат құралдарында талқыланып және Қазақстан Республикасында ең жоғарғы мемлекеттік деңгейлерде қарастырылып жүр.

В.И. Селиверстов пікірінше, жазаны орындау жүйесінде құқықтық реттеу әдісінің императивтік сипаты қалыптасқан, себебі жаза дегеніміз – мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы, оны орындау құқықтық реттеудің императивті тәсіліне, яғни құқықтық қатынастар субъектілерінің тең емес екенін нақтылап тұр [11, 14 б.].

Көрнекті итальяндық ғалым Ч. Ломброзо өз уақытында түрме бюрократиясы, егер соқырлықпен емес, әрдайым миопиямен ерекшеленсе, түрмелердің тұрғындарын, әсіресе жалғыз камераларды нағыз адам кесектері үшін, қолдарсыз, аяқтарсыз, дауыссыз деп санайтынын әділ атап өтті, сонымен бірге бұл бақытсыздардың арасында дарынды адамдар бар болжауға болатын нәзік сезімдер. Олардың қызметі, дауысы және тіпті ең жасырын ойлары барлық жерде пайда болады: қабырғаларда, кереуеттерде, ішуге арналған ыдыстарда, терілерінде және тіпті серуендеу кезінде таптайтын дымқыл құмда [12, 195 б.].

Жазаны орындау сотталған үшін қосымша немесе жаңа жаза болмауға тиіс, ал іс жүзінде көбіне солай болып жатады.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде пенитенциарлық пробация аясында сотталғандардың мәселесін қарайтын бөлімдер (топтар) құру керек. Мәселен, сотталғанның сұрағын шешуге жәрдем берсе, ол адамның кінәсіз екенін дәлелдейтін мән-жайларды анықтауға көмек берсе, т.б.

Бұл тәсіл қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері қызметкерлерінің антагонисттен одақтасқа дейінгі сотталғандармен қалыптасқан қарым-қатынасын қайта құруға мүмкіндік береді.

Осылайша, талқылау барысы Қазақстанда сотталғандардың құқықтық мәртебесін заң тұрғысынан реттеу мен шектеудің шекті нормаларын бекіту, халықаралық озық тәжірибе мен ұлттық ерекшелікті ескере отырып жасалса ғана мүмкін болатынын көрсетіп отыр.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды ұстау режимі мен сотталғандардың құқықтары арасындағы тепе-теңдікке мына шаралар кешені арқылы қол жеткізуге болады: қылмыстық кодекс пен қылмыстық-атқару кодексіндегі бас бостандығынан айыруға сотталғандарға қатысты шектеу шараларына қарасты қағидалардың бәрін Қазақстан Республикасы Конституциясы нормаларына сәйкестендіру, этикалық стандарттарды қамтамасыз етудің процестік кепілін, тиімді қадағалауды бекіту.

Сонда, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындау сотталғанды түзетудің тиімді құралы болады және құқықтық тәртіптің, қоғамдық қауіпсіздіктің нығаюына және азаматтардың қоғамнан уақытша оқшаулану жағдайында конституциялық құқығын жүзеге асыруына, Қазақстан Республикасы Конституциясында бекітілген адам құқықтарына қауіп төндірмей, оң үлес қосады [1].

ҚР ҚК Ерекше бөлігінің жекелеген баптарынан қоғамға елеулі қауіп төндірмейтін іс-әрекеттер үшін бас бостандығынан айыру сияқты жаза түрін барынша алып тастау, оларды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес, басқа жаза түрлерімен алмастыру жөніндегі жұмысты жалғастыру керек, себебі, академик В.Н. Кудрявцеваның пікірінше, «қылмыскерді қоғамнан оқшаулау стратегиясы маңызын жоғалтып келеді» [13, 169 б.].

Оның үстіне, көптеген мамандардың, соның ішінде осы мақала авторларының пікірінше, бас бостандығынан айыру жаза түрі ретінде онша тиімді емес, себебі сотталған адам жазасын өтеп болған кезде жақсармайды, керісінше нашарлай түседі.

Бас бостандығынан айыруға заң тұрғысынан бірқатар шектеулер енгізу керек.

Мәселен, ҚР ҚК 46-бабына қарттық жасқа жеткен адамдарға (63 жастан асқан), екі немесе одан да көп бала тәрбиелеп отырған әйелдерге, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмағандарға, бірінші және екінші топ мүгедектеріне т.б. бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалмайтынын көрсететін тармақ енгізу керек.

Оның үстіне, 2025 жылғы 16 наурызда Tengri news-те жарияланған ақпаратқа сәйкес, ҚР ІІМ Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Қарақат Әбденнің, сотталған әйелдердің кейбір санаттарына 2025 ж. амнистия қолдану туралы бастамасына қолдау білдірген.

Мәселен, депутат зорлық-зомбылықпен байланысты емес қылмыстар үшін сотталғандан бөлек, көпбалалы және жүкті әйелдерді, қолында жас баласы бар әйелдерді, мерзімінің жарысын өтеген әйелдерді, сондай-ақ 60-тан асқан әйелдерді босатуды ұсынған.

ІІМ-нің депутаттың сауалына берген ақпаратына сәйкес, бүгінде қылмыстық құқықбұзушылық жасағаны үшін 6 399 әйел жазасын өтеп жатыр, олардың 2 692-сі бас бостандығынан айыру орындарында отыр, ал 3 707-сі пробациялық бақылауда жүр.

Рақымшылық (Амнистия) болса ҚР ҚК 78-бабына сәйкес онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін сотталған 1 220 әйел босатылады, соның ішінде бас бостандығынан айыру орындарындағы 157 әйел, пробациялық бақылауда жүрген 164 әйел босатылады. Одан бөлек, зорлық-зомбылықпен байланысты емес қылмыс жасағаны үшін 2002 әйел сотталған, олардың 1 766-сы алғаш рет, ал 150-і онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін сотталған [14].

Ауыр және аса ауыр қылмыс үшін сотталған әйелдердің жаза мерзімі қысқаруы мүмкін.

Амнистия мәселесін қарастырған кезде қылмыстың ауырлығынан бөлек, сотталғандардың әлеуметтік жағдайын қосымша ескеруді ұсынған:

- ♦ 29 әйелдің мүгедектігі бар (І топ – 3, ІІ топ – 3, ІІІ топ – 15);
- ♦ 243 әйелдің жасы 60-тан асқан (олардың 152-сі – бас бостандығынан айыру орындарында, 91-і – пробациялық бақылауда);
- ♦ 13 әйел жүкті;
- ♦ 58 әйелдің жас баласы бар (3-жасқа толмаған);
- ♦ 226 көпбалалы ана.

Өтелмеген талаптары бар әйелдердің, яғни олардың саны 3 910 адам, жазасы бас бостандығынан айырудан неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру арқылы жеңілдетілуі мүмкін [14].

N. Tleshaliyev, A. Tleubayev, G. Duisenbayeva, A. Tsoy, A. Smanova пікірінше, түрмеден босатылған адамдардың құқықтары; сынақ мерзімін анықтау; пробацияның негізгі принциптері мен түрлері; оңалту және қайта әлеуметтендіру құралдары және түрмеден кейінгі пробацияны қолдану негізгі аспекті болып табылады [15, 131 б.].

Көріп отырғанымыздай, ҚР парламенті Мәжілісі депутатының бастамасын жүзеге асырудың салдары сотталған әйелдер үшін де, бүкіл қазақ қоғамы үшін де оң болар еді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны орындаудың жекелеген қағидаларын, бас бостандығынан айыруға сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету тұрғысынан қайта қарау қажет екенін және оны адам құқығы тұрғысынан байыппен және мұқият қайта қарау керек екенін растап отыр.

Қазақстан Республикасының сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге жанама ғана емес, сондай-ақ тікелей қатысы бар қолданыстағы қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасын әрі қарай жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыру керек. Өз еңбегімізде келесі ұсыныстарды енгізуге ұсынамыз:

- ♦ бас бостандығынан айырудың шекті мерзімін азайту. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 46-бабына сәйкес, қасақана жасалған қылмыстар үшін 10 жылдан аспайтын, абайсызда жасалған қылмыстар үшін 5 жылдан, қылмыстар жиынтығы бойынша 12 жылдан және үкімдер жиынтығы бойынша 15 жылдан аспайтын мерзімге дейін қысқарту;

- ♦ экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар үшін сотталған жекелеген санаттағы сотталғандар үшін жазаны өтеу тәртібі қайта қарастыру қажет деп есептейміз.

Мәселен, Ресей Федерациясының Ғылымға еңбек сіңірген қайраткері, заң ғылымдарының докторы, профессор В.И. Селиверстовтің ғылым басшылығымен жұмыс істеген ресейлік ғалымдардың экономикалық және лауазымдық қылмыстар үшін сотталғандардың, бас бостандығынан айыру жазасын өтеуін ұйымдастыру туралы жаңа теориялық моделіндегі теориялық тұрғыдан қызық және тәжірибелік тұрғыдан пайдалы ұсыныстарына сүйенсек, бұл идеяны Қазақстан Республикасында да, қолданған жөн [16, 37 б.].

Экономикалық немесе кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін сотталғандарды қылмыстық элементтер немесе қылмыстық-атқару жүйесінің сыбайлас жемқор қызметкерлері қылмыстық ортаның ықпалына түсетін, осылайша қылмыс әлемін қолдайтын жалпы түзету мекемелеріне жібермеу керек, керісінше оларды жазасын өтеудің бүкіл мерзіміне тозып кеткен елді мекендерге жіберіп, сол жерде қоныс-колониясына ұқсас құрылым (қауіпсіздігі барынша төмен мекеме) құру керек, сонда ғана сотталғандардың қоғам мен мемлекет игілігіне жұмыс істеуге мүмкіндігі болады [17].

S. Shaisultanov, T. Akimzhanov, B. Abdrakhmanov, A. Bazarlinova A. Bazarlinova ойларынша, ЕО мемлекеттерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы ұлттық заңдарын интернетте жасалған қылмыстарға қатысты құқық қорғау органдарының жедел-тергеу қызметінің нақты қажеттіліктеріне сәйкес, келтіру қажеттілігі қарастырылуда. Интернеттегі алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мыналарды қамтуы керек: интернет пайдаланушылары мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерін киберқылмыстың алдын алуға үйрету; интернет қызметтері, банктік және басқа төлем жүйелері, әлеуметтік желілер арасында интернет-алаяқтықтың алдын алу бойынша жұмыс; шолуларды жариялау және киберқылмыс фактілерін анықтау статистикасы; құқық қорғау органдарының іс жүргізу іс-әрекеті; және халықаралық-құқықтық ынтымақтастық [18, 270 б.].

Осылай істесе сотталғанның өзі де риза, ол барған елді мекенге де пайдалы, ең бастысы қылмыстық заңнама адамгершілік сипатқа ие болып, қылмыстық жазаның мақсаты толық жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 72-бабының 3-бөлігінде көрсетілген шартты түрде мерзімінен босатудың тәртібіне өзгерту енгізу керек, яғни сотталғандардың жаза мерзімін іс жүзінде өтеуін онша ауыр емес қылмыс үшін – 0,5 жылға, ауырлығы орташа қылмыс үшін – 1 жылға дейін, ауыр қылмыс үшін – 2 жылға дейін, аса ауыр қылмыс үшін – 3 жылға дейін азайту керек [4].

Бұлай ауыстыру сотталғандардың бәрін жаппай және міндетті түрде босату дегенді білдірмейді. Әңгіме сотталғандардың арасындағы түзелген және әрі қарайғы оқшаулауды қажет етпейтін санаты жайлы болып тұр.

Құқық қолдану практикасы дерегі бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты небәрі 35–40 процентке ғана орындалады.

Ал бұл көзқарас сотталғандардың түзелуге ынталануына, түрме халқының санын айтарлықтай азайтуға, түзету мекемелерінің қызметкерлерінің өз жұмысы үшін жауапкершілігін жоғарлатуға және сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін жақсартуға мүмкіндік береді.

Осы енгізілген ұсыныстарды жүзеге асыру маңызды мемлекеттік функция болып саналатын, қылмыстық жазаның мақсатын орындауды қамтамасыз етіп қана қоймай, жазаны орындаудың ең алдымен сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін заманауи құқықтық мемлекет талап ететіндей сөзсіз қамтамасыз ететін жаңа моделін құруға, сондай-ақ құқық қолдану қызметінің жазаны орындау сияқты маңызды бағытының орындалу сапасының өсуіне көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция: 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. URL: <https://adilet.zan.kz> (өтініш берілген күн: 01.01.2023)
- 2 Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы. URL: <https://adilet.zan.kz> (өтініш берілген күн: 15.10.2021)
- 3 Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. URL: <https://adilet.zan.kz> (өтініш берілген күн: 01.09.2022)
- 4 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі, 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz> (өтініш берілген күн: 03.01.2026)
- 5 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі, 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz> (өтініш берілген күн: 30.12.2025)

- 5 Пробация туралы: Қазақстан Республикасының Заңы, 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 38-VI ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz> (өтініш берілген күн: 27.06.2022)
- 6 Скиба А.П. Повышение эффективности исполнения уголовных наказаний: расширение сферы применения информационных технологий // Уголовно-исполнительное право. – 2025. – Т. 2 (1–4). – № 2. – С. 203–208.
- 7 Информации Международного информационного агентства (МИА) «Казинформ» от 17 февраля 2021 года со ссылкой на итоги заседания Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам Сената Парламента РК. URL: https://www.inform.kz/ru/senatory-obsudili-voprosy-penitenciarney-sistemy-strany_a3754290?utm_source=chatgpt.com (дата обращения: 30.12.2025)
- 8 Шнарбаев Б.К., Мизанбаев А.Е. Уголовно-исполнительное право Республики Казахстан: учебник. – Костанай: Костанайский филиал ФГБОУ ВО «Челябинский государственный университет», 2017. – 512 с.
- 9 Зубарев С.М., Козакова В.А., Толкаченко А.А. Уголовно-исполнительное право: учебник для вузов. – 5-е изд., перераб. и доп. – М.: Юрайт, 2013. – 455 с.
- 10 Уголовно-исполнительное право / Под ред. В.М. Анисимова, В.И. Селиверстова. – Ростов н/Д: Феникс, 2019. – 413 с.
- 11 Ломброзо Ч. Преступление. Новейшие успехи науки о преступнике. Анархисты: монография. – М.: ИНФРА-М, 2018. – 314 с.
- 12 Кудрявцев В.Н. Стратегия борьбы с преступностью. – М.: Юрист, 2003. – 352 с.
- 13 Қазақстан Республикасы Конституциясының отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы: Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 23 маусымдағы № 195-VIII ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz> (өтініш берілген күн: 23.01.2025)
- 14 Tleshaliev N., Tleubayev A., Duisenbayeva G., Tsoy A., Smanova A. Problems of the development of post-penitentiary probation in Kazakhstan // Social and Legal Studios. 2025. Vol. 8(2). P. 131–143. DOI: 10.32518/sals2.2025.131
- 15 Отбывание лишения свободы осужденными за экономические и должностные преступления: первый вариант теоретической модели / Под ред. В.И. Селиверстова. – М.: ИД «Юриспруденция», 2018. – 72 с.
- 16 Отбывание лишения свободы осужденными за экономические и (или) должностные преступления: итоги теоретического исследования. – М.: ИД «Юриспруденция», 2019. – 464 с.
- 17 Shaisultanov S., Akimzhanov T., Abdrakhmanov B., Bazarlinova A. Combating Internet Fraud through Operative-search Measures // The Law, State and Telecommunications Review. 2024. Vol. 16. No. 2. P. 257–275. URL: <https://periodicos.unb.br/index.php/RDET/article/view/50740/41290>

REFERENCES

- 1 Qazaqstan Respublikasynyñ Konstitusiasy Konstitusia: 1995 jyly 30 tamyzda respublikalyq referendumda qabyldandy. URL: <https://adilet.zan.kz> (ötiniş berilgen kün: 01.01.2023) (In Kazakh)
- 2 Qazaqstan Respublikasynyñ qūyqytyq saiasatynyñ 2030 jylğa deingı tūjyrymdamasyn bekıtu turaly: Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ 2021 jylğy 15 qazandağy № 674 Jarlyğy. URL: <https://adilet.zan.kz> (ötiniş berilgen kün: 15.10.2021) (In Kazakh)
- 3 Ädiletті memleket. Birtūtas ūlt. Berekelі qoğam: Memleket bassysy Qasym-Jomart Toqaevtyñ 2022 jylğy 1 qyrküiektegi Qazaqstan halqyna Joldauy. URL: <https://adilet.zan.kz> (ötiniş berilgen kün: 01.09.2022) (In Kazakh)
- 4 Qazaqstan Respublikasynyñ Qylmystyq kodeksi: Qazaqstan Respublikasynyñ Kodeksi, 2014 jylğy 3 şildedegі № 226-V QRZ. URL: <https://adilet.zan.kz> (ötiniş berilgen kün: 03.01.2026) (In Kazakh)
- 5 Qazaqstan Respublikasynyñ Qylmystyq-atqaru kodeksi: Qazaqstan Respublikasynyñ Kodeksi, 2014 jylğy 5 şildedegі № 234-V QRZ. URL: <https://adilet.zan.kz> (ötiniş berilgen kün: 30.12.2025) (In Kazakh)
- 6 Probacia turaly: Qazaqstan Respublikasynyñ Zañy, 2016 jylğy 30 jeltoqsandağy № 38-VI QRZ. URL: <https://adilet.zan.kz> (ötiniş berilgen kün: 27.06.2022) (In Kazakh)
- 7 Skiba A.P. (2025) Povyshenie jeffektivnosti ispolnenija ugovovnyh nakazanij: rasshirenie sfery primenenija informacionnyh tehnologij // Uголовno-ispolnitel'noe pravo. Vol. 2(1–4). No. 2. P. 203–208. (In Russian)
- 8 Informacii Mezhdunarodnogo informacionnogo agentstva (MIA) «Kazinform» ot 17 fevralja 2021 goda so ssylkoj na itogi zasedanija Komiteta po konstitucionnomu zakonodatel'stvu, sudebnoj sisteme i pravooxranitel'nyh organam Senata Parlamenta RK. URL: https://www.inform.kz/ru/senatory-obsudili-voprosy-penitenciarney-sistemy-strany_a3754290?utm_source=chatgpt.com (data obrashhenija: 30.12.2025) (In Russian)

9 Shnarbaev B.K., Mizanbaev A.E. (2017) Ugolovno-ispolnitel'noe pravo Respubliki Kazakhstan: uchebnik. Kostanaj: Kostanajskij filial FGBOU VO «Cheljabinskij gosudarstvennyj universitet». 512 p. (In Russian)

10 Zubarev S.M., Kozakova V.A., Tolkachenko A.A. (2013) Ugolovno-ispolnitel'noe pravo: uchebnik dlja vuzov. 5-e izd., pererab. i dop. M.: Jurajt. 455 p. (In Russian)

11 Ugolovno-ispolnitel'noe pravo / Pod red. V.M. Anisimkova, V.I. Seliverstova. Rostov n/D: Feniks, 2019. 413 p. (In Russian)

12 Lombrozo Ch. (2018) Prestuplenie. Novejšie uspehi nauki o prestupnike. Anarhisty: monografija. M.: INFRA-M. 314 p. (In Russian)

13 Kudrjavcev V.N. (2003) Strategija bor'by s prestupnost'ju. M.: Jurist. 352 p. (In Russian)

14 Qazaqstan Respublikasy Konstitusiasynyñ otyz jyldyğyna bailanysty raqymşylyq jasau turaly: Qazaqstan Respublikasynyñ Zańy 2025 jylğy 23 mausymdağy № 195-VIII QRZ. URL: <https://adilet.zan.kz> (ötiniş berilgen kün: 23.01.2025) (In Kazakh)

15 Tleshaliyev N., Tleubayev A., Duisenbayeva G., Tsoy A., Smanova A. (2025) Problems of the development of post-penitentiary probation in Kazakhstan // Social and Legal Studios. Vol. 8(2). P. 131–143. DOI: 10.32518/sals2.2025.131 (In English)

16 Otbyvanie lisheniya svobody osuzhdennymi za jekonomicheskie i dolzhnostnye prestupleniya: pervyj variant teoreticheskoy modeli / Pod red. V.I. Seliverstova. M.: ID «Jurisprudencija», 2018. 72 p. (In Russian)

17 Otbyvanie lisheniya svobody osuzhdennymi za jekonomicheskie i (ili) dolzhnostnye prestupleniya: itogi teoreticheskogo issledovaniya. M.: ID «Jurisprudencija», 2019. 464 p. (In Russian)

18 Shaisultanov S., Akimzhanov T., Abdrakhmanov B., Bazarlinova A. (2024) Combating Internet Fraud through Operative-search Measures // The Law, State and Telecommunications Review. Vol. 16. No. 2. P. 257–275. URL: <https://periodicos.unb.br/index.php/RDET/article/view/50740/41290> (In English)

МОЛДАБЕКОВА З.С.,*¹

докторант.

*e-mail: moldabekova_80@mail.ru

ORCID ID: 0009-0004-5138-8145

СЕЛИВЕРСТОВ В.И.,²

д.ю.н., профессор.

e-mail: vis_home@list.ru

ORCID ID: 0000-0002-9554-5438

ИМАНГАЛИЕВ С.С.,¹

к.ю.н., ассоциированный профессор.

e-mail: s.imangaliyev@uran-edu.kz

ORCID ID: 0009-0004-2405-000X

АХМЕТОВА Д.А.,³

м.ю.н., сениор-лектор.

e-mail: dina.akhmetova.63@mail.ru

ORCID ID: 0009-0005-6002-4754

¹Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

²Московский государственный университет

им. М.В. Ломоносова,

г. Москва, Россия

³Алматинский гуманитарно-экономический университет,

г. Алматы, Казахстан

О НЕКОТОРЫХ ПРОБЛЕМАХ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПРАВ И ЗАКОННЫХ ИНТЕРЕСОВ ОСУЖДЕННЫХ К ЛИШЕНИЮ СВОБОДЫ

Аннотация

В статье рассматривается такая важная проблема правоприменительной деятельности, как обеспечение прав и законных интересов осужденных к лишению свободы. В результате несоблюдения или неполного соблюдения прав и законных интересов осужденных к лишению свободы уполномоченными органами, обеспечивающими выполнение такой важной государственной функции, как исполнение наказаний, нарушаются

не только конституционные права и законные интересы осужденных, но и не обеспечивается требование Основного закона Республики Казахстан – Конституции РК. Реализация задачи по обеспечению прав и законных интересов граждан в ходе исполнения наказания является государственной задачей, вытекающей из положений Конституции РК, где в ст. 1 закреплено положение о том, что Республика Казахстан утверждает себя демократическим, светским, правовым и социальным государством, высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы. Авторами статьи изложены основные направления по улучшению прав и законных интересов осужденных в период исполнения наказания в Республике Казахстан. Подчеркивается необходимость приведения национальной практики исполнения наказаний в соответствие с международными стандартами в области прав человека. Реализация данных мер будет способствовать укреплению принципов законности, гуманизма и справедливости в деятельности уголовно-исполнительной системы Республики Казахстан.

Ключевые слова: осужденный, лишение свободы, исполнение наказания, уголовный закон, права и обязанности, права человека, законность.

MOLDABEKOVA Z.S.,*¹

PhD student.

*e-mail: moldabekova_80@mail.ru

ORCID ID: 0009-0004-5138-8145

SELIVERSTOV V.I.,²

d.l.s., professor.

e-mail: vis_home@list.ru

ORCID ID: 0000-0002-9554-5438

IMANGALIEV S.S.,¹

c.l.s., associate professor.

e-mail: s.imangaliev@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0004-2405-000X

AKHMETOVA D.A.,³

master of law, senior lecturer.

e-mail: dina.akhmetova.63@mail.ru

ORCID ID: 0009-0005-6002-4754

¹«Turan» University,

Almaty, Kazakhstan

²Lomonosov Moscow State University,

Moscow, Russia

³Almaty University of Humanities and Economics,

Almaty, Kazakhstan

ON SOME PROBLEMS OF ENSURING THE RIGHTS AND LEGITIMATE INTERESTS OF THOSE SENTENCED TO IMPRISONMENT

Abstract

The article considers such an important problem of law enforcement activity as ensuring the rights and legal interests of the prisoners under sentence. As a result of non-fulfill or incomplete fulfill of the rights and legal interests of the prisoners under sentence by the authorized bodies obliged to perform such an important state function as the execution of punishments violate not only the constitutional rights and legal interests of the prisoners, but also fail to comply the requirements of the Basic Law of the Republic of Kazakhstan – the Constitution of the Republic of Kazakhstan. The implementation of the task on ensuring the rights and legal interests of citizens during the execution of punishment is a state task arising from the provisions of the Constitution of the Republic of Kazakhstan, where Article 1 stipulates that the Republic of Kazakhstan proclaims itself as a democratic, secular, legal and social state whose highest values are a person, his life, rights, and freedoms. The authors of this article set out the main directions for ensuring the rights and legal interests of the prisoners under sentences in the Republic of Kazakhstan.

Keywords: prisoner under sentence, imprisonment, execution of punishment, criminal law, rights and duties, human rights, legality.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 15.01.2025